



Бекітемін

«Жарқын шақ» бөбекжай балабақша
ЖШС-ның меңгерушісі
Ж.Мухамеджанова

2021 жылғы 27 тамыз

«Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы
аясында өткізілетін 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары.

№	Іс –шаралар	Қатысушы Күні	Аяқталу мерзімі	Жауапты
2	Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауы : «Сындырлы диалог» Қазақстанның тұрақтылығы мен өрендеуінің негізі .	педагогтар қыркүйек	баяндама	Ж.Мухамеджанова
3	«Өлкетану бағдарламасы» іске асыру бойынша «Кітаптар бізге не айтады?» мақсатты серуен	педагогтар тәрбиелену шілер қазан	Фото материал Балаларды кітапты сүюге ,жазушыларды тани білуге	Н.Сыздыкова
4	«Отбасымен бірге» бағдарламасын іске асыру мақсатында Дене шынықтыру мерекесі «Отбасы рухани жаңғыру негізі»	педогогтар ересек топ тәрбиеленуші лері жыл бойы	Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру Фото- бейне материал	Медбике Д.Нұрымбет С.Алипова
5	«Отаным тағдырым» бағдарламасын іске асыру бойынша «Тәуелсіздік – тұмарым , мәңгілік ел- тұрағым »	тәрбиеленуші лер желтоқсан	Фото- бейне материалдар	С.Алипова
6	Патриоттық дағдыларын қалыптастыру үшін серуен ұйымдастыру«Сен өз еліңнің тарихын білесің бе?»	тәрбиеленуші лер сәуір	Фото-бейне материалдар	М.Сейдуллаева

ЖШС «Жарқын шак» бөбекжай балабақшасы



«Кітап бізге не айтады?»

«Қарлығаш» ересек топ

2021-2022 оқу жылы



Кітап бізге не айтады!

Мақсаты:

- кітап туралы таныс ертегі, мақалды пысықтау; дүниетанымды кеңейту;
- зейінді, байқампаздықты, реакция шапшаңдығын, би және ойын шығармашылығын дамыту;
- кітапқа ұқыпты көзқарасты, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Жүргізуші.

Әуелетті әсем әуен,
Айналада бәрі көңіл көтерген.
Көргеніме қуаныштымын, достарым,
Ғажап қой, шіркін, мереке деген!
Анамыздың мерекесі бар,
Әкеміздің де мерекесі бар,
Қонжықтың да мерекесі бар,
Сондай-ақ кітаптың да мерекесі бар.
Мерекені бастайық па, достарым?

Балалар. Иә!

Жүргізуші.

Қоңырауды соғайын,
Қонақтарды мерекеге шақырайын.

Жүргізуші қоңырау соғады, музыканың сүйемелдеуімен Кітап періштесі кіреді.

Кітап періштесі. Сәлеметсіңдер ме, қымбатты достарым! Өзімді таныстырып өтейін:
Кітап періштесі мен ғой!

Кім оқыса таласа,
Дос боп кетем жараса.
Алған кезде сөреден,
Қуанып ем балаша.

Сендерде «Оқырмандар апталығы» аяқталып қалғанын білемін, ал бізде кітап мерекесі басталды!

Сырнайлар ойнайды.

«Новая книга» әніне бейнебаян

Кітап періштесі.

Әліппеден басталған,
Құштарлығым білімге.
Кітап бетін ашқаннан,
Оқимын көп білуге.
Ұрпағы үшін даналар,
Өнеге-үлгі жазыпты.

Сол кітаптан балалар,
Алады мол азықты.

Жүргізуші.
Біздің балалар кітаппен дос,
Оны қазір баяндаймыз.

Балалар өлең оқиды.

Жазушы мен ақын да,
Айналады жақынға.
Кітап – білім сандығы,
Іші толған нақылға.

Ағарып атқан таң нұрын
Ғылымнан ғана ұққанмын.

Халқымның тарих – тағдырын



Кітаптан оқып шыққанмын.

Көздерін тартып мұқаба,
Оқушы қауым қолға алар.
Қалың ба, мейлі, жұқа ма –
Жүрекке кітап жол табар.

Жүйткіген пойыз ырғағы,
Ақынның отты жырлары,
Әлемнің жұмбақ сырлары
Кітапта толып тұр бәрі.


Жақсы әңгіме, өленді,
Әр бетінен табамын.
Ертегіні көлемді,
Оқи алар баламын.

Мол қызыққа батамын,
«Кітап – білім бұлағы».

Деген сөзі атамның,
Есімде ылғи тұрады.

Бақытты мына заманда
Кітапқа құмар бар кісі.
Маған да керек, саған да
Қызықты «Кітап жаршысы».


Кітап періштесі. Кітап біздің қоршаған әлемді тануымызға көмектеседі. Ол бізді ақылды етеді, одан көптеген жаңа әрі қызықты нәрсені білеміз.




Ұқыпты әрбір ісіне,
Қамқор болған кішіге.
Білімқұмар баланың
Кітап кірер түсіне.
Қарасаңыз мән беріп,
Жүргендер көп шаңға еріп.
Кержалқаулар түсінен
Оянады нан көріп.

Сондай-ақ сиқыр мен ғажайып оқиғаларға толы кітаптар бар: асқабақ күймеге айналады, андарға, құстар мен тіпті балықтарға тіл бітеді, бақа ханшайымға айналады, мысық етікпен жүреді, ал кілем ұшақ секілді ұшады. Бұл кітаптар қалай аталады? Дұрыс, бұл ертегі кітабы. Ал сендер ертегіні ұнатасындар ма? Онда ойын ойнайық.

«Жұмбақты шеш те, ертегі кейіпкерін тап» видеопрезентациясы





Кітап періштесі.

Ертегілер елінде,
Ғажап гүлдер төрінде,
Буратино бәрінді ортада,
Достарым деп тосады.

«Буратино» ойын биі

Кітап періштесі. Онда би боп бір өзін,

Айға мініп жүзесін.
Кіріп алтын сарайға,
Тынығасың тоғайда.
Онда теңіз түбінде
Жатыр жұмбақ күбір де.
Кім қақпағын ашады –
Арманы іске асады.

«Ғажайып сандық» ойыны

Заттар: жұмыртқа, алтын кілт, шалқам, қызыл телпек, төпші, градусник, жыртық тон, бәліш салынған қорап, найзасы бар садақ, қолғап. Зат бойынша ертегіні табу.



Кітап періштесі.

Барлық затты шығардық,
Ертегіні дұрс таптық.
Ал сыйлыққа, балалар,
Көңілді ойын ойнайық.

«Бауырсақ» би ойын-импровизациясы

Балалар шеңбермен жүріп, әндетеді.
Домалап келеді, көңілді Бауырсақ,
Қып-қызыл өзі, иісі керемет,
Бірақ оның тоқтайтын уақыты келді,
Досын биге шақырады.

Бауырсақ маскасын киген бала қарама-қарсы бағытта қозғалады. Балалар әнді аяқтағанда, Бауырсақ тоқтап, қарама-қарсы тұрған баланы биге шақырады. Жұп музыканың сүйемелдеуімен еркін билейді, қалған балалар қол шапалақтайды. Бұдан әрі Бауырсақ қалпағын таңдалған бала киіп, ойын қайталанады.

Кітап періштесі.

Ал енді, достарым,
Сендерді тексерейін.
Кітап туралы мақал-мәтел,
Айтып, біліміңді көрсетіңдер!

Балалар мақал-мәтел айтады.

Кітап – көзі жұмыққа арзан,
Көзі ашыққа маржан.

Кітапты сүйіп оқы,
Көңілге түйіп оқы.

Кітап – алтын сандық,
Іші толған қазына, құт.
Оқы, оқы, ойыңа тұт.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы!

Кітап оқығандікі,
Білім тоқығандікі.

Кітап періштесі.

Көп мақал айттыңдар,
Қандай ақылдысыңдар!
Ал енді ортаға шығып,
Би билейік, достар.

Жұппен би

Кітап періштесі.

Балалар жақсы биледі!
Шаршамаған шығарсыңдар?
Жалғастырамыз ба мерекені?
Онда ойын ойнайық.

Тапқырлыққа арналған «Жинал, ертегі» музыкалық ойыны

Балалар 2 не 3 ертегіге бөлінеді (қатысушылар санына қарай), өз ертегісіндегі










Бірлік Мәдениет Үйі

CP B 16:13



Нравится



Комментировать



Поделиться




22:20 3G

50



Бірлік Мәдениет Үйі

CP B 16:13



Нравится




Комментировать




Поделиться





Бірлік Мәдениет Үйі

CP B 16:13




Нравится




Комментировать



Поделиться






Нравится



Комментирова
ть



Поделиться




Нравится



Комментирова
ть



Поделиться




Нравится



Комментирова
ть



Поделиться





Нравится Комментировать Поделиться



Нравится Комментировать Поделиться













